

## Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәліктің нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 15 қыркүйектегі № 27 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 20 қарашада № 9883 тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз**

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 3-тармағының 54-2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.09.2016 № 690 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәліктің нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, оның ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы "Әділет" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға көшірмелерін жіберуді;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму бірінші вице-министрі Ж.М. Қасымбекке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң, бірақ 2014 жылғы 21 қарашадан кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Е.А. Досаев

11 қазан 2014 ж.

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2014 жылғы 15 қыркүйектегі  
№ 27 бұйрығымен  
бекітілді  
Нысан

Ескерту. Нысан жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.09.2016 № 690 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН REPUBLIC OF KAZAKHSTAN (Қазақстан Республикасының Елтаңбасы)**

**КЕМЕ ЭКИПАЖЫНЫҢ ЕҢ АЗ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ КУӘЛІК  
СВИДЕТЕЛЬСТВО О МИНИМАЛЬНОМ СОСТАВЕ ЭКИПАЖА СУДНА  
MINIMUM SAFE MANNING CERTIFICATE**

Түзетулерімен 1974 жылғы Теңіздегі адам өмірін қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияның V/14 қағидасының ережелері негізінде берілді

Выдано на основании положений правил V/14 Международной конвенции по охране человеческой жизни на море 1974 г. с поправками

Issued under the provisions of regulation V/14 of the International convention for the safety of life at sea, 1974, as amended

Үкімет уәкілеттігі бойынша

По уполномочию Правительства

Under the authority of the Government of

---

(мемлекет атауы/название государства/name of the State)

кіммен/кем/by

---

(Әкімшілігі/администрация/administration)

Кеме туралы мәліметтер

Сведения о судне

Particulars of ship

1. Кемениң атауы/название судна/name of the ship

---

2. Тіркеу нөмірі немесе шақыру сигналы/регистровый номер или позывной сигнал/  
distinctive number or letters \_\_\_\_\_

3. ІМО нөмірі/номер ІМО/IMO number \_\_\_\_\_

4. Тіркеу порты/порт приписки/port of registry \_\_\_\_\_

5. Жалпы сыйымдылығы 1969 жылғы Кемелерді өлшеу жөніндегі халықаралық  
конвенция бойынша/валовая вместимость по Международной конвенции по обмеру  
судов 1969 года/gross tonnage International Tonnage Convention, 1969 \_\_\_\_\_

---

6. Негізгі қозғалтқыш құрылғысының қуаттылығы, кВт/мощность главной  
двигательной установки, кВт/main propulsion power, kW \_\_\_\_\_

---

7. Кемениң үлгісі/тип судна/type of ship \_\_\_\_\_

8. Кезеңмен вахтасыз қызмет көрсететін машиналық үй-жай/машинное помещение с  
периодически безвахтенным обслуживанием/periodically unattended machinery space ИЯ  
(ДА, YES)/ ЖОҚ (НЕТ, NO)

9. Жүзу ауданы/район плавания/trading area \_\_\_\_\_

10. Пайдаланушы компания/эксплуатирующая компания/operating company

---

Осы Куәлікте аталған кеме кету кезінде төменде келтірілген кестеде көрсетілгеннен  
кем емес персонал саны (және шені/лауазымы) бар болса, қауіпсіздік мақсатында  
толықтырылған болып саналады:

Названное в данном Свидетельстве судно считается укомплектованным в целях  
безопасности, если при отходе оно имеет количество персонала (и звания/должности)  
не менее указанного в нижеследующей таблице:

The ship named in this document is considered to be safely manned if, when it proceeds  
to sea, it carries not less than the number and grades/capacities of personnel specified in the  
table(s) below:

--	--	--

Лауазымы/шені Должность/звание Grade/capacity	Диплом (ПДМНВ конвенциясының ережесі) Диплом (Правило Конвенции ПДМНВ) Certificate (STCW regulation)	Тұлғалардың саны Число лиц Number of persons

Ерекше талаптар немесе шарттар, егер болса/особые требования или условия, если таковые имеются/special requirements or conditions, if any

---

Теңіз портының капитаны берген/выдан капитаном морского порта/issued by sea harbour Master

---

Қолы/подпись/signature

Мөрі/печать/seal

Берілген күні/дата выдачи/issued on

Қолданылу мерзімі/срок действия/ expiry date